# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 16 қараша №5165-23-00-2/3005 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.С.Чингиспаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Созақ аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
Дара кәсіпкер «Мауленова» Меруерт Оразалиевна Мауленова

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Созақ аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Мауленова» Меруерт Оразалиевна Мауленова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Мауленова» Меруерт Оразалиевна Мауленовадан Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Созақ аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік

коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 76 382,62 (жетпіс алты мың үш жүз сексен екі теңге 62 тиын) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Дара кәсіпкер «Мауленова» Меруерт Оразалиевна Мауленовадан мемлекет кірісіне 4 016 (төрт мың он алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

**Судья** **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 16.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 21.12.2023, судья Чингиспаева К. С., 25.12.2023

5165-23-3-1/3232